

Б. Ахатай^{1*}
Р.А. Нуртазина²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
*Корреспонденция үшін автор: magtarh@mail.ru

Мемлекеттік-жекешілік серіктестік қызметінің даму тенденциясы: салыстырмалы талдау

Аңдатпа. Қазақстан Республикасы саяси жүйесінің демократиялық трансформациялануы қоғамның барлық саласының өзгеруіне, жаңаруына әкелді. Осы тұрғыда нарықтық қатынастардың принциптеріне қатысты жекеменшік қызметі еркіндігі жолға қойыла бастады. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік өзін бизнес пен мемлекеттің өзара серіктестігін бюджетке түсетін ауыртпалықты азайту және кәсіпкерлік қызметті дамыту мақсатында экономиканың әлеуметтік маңызды салаларына жеке инвестицияларды тарту үшін, жалпы елдің экономикасын дамыту арқылы саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп, елдің стратегиялық жоспарларын іске асыруға бағытталған мемлекеттік басымдық ретінде қарастырылады. Сондықтан, қазіргі таңда Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік мәселелерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік даму басымдықтарында экономиканың жан-жақты дамуы қоғамның басқа салаларымен де тығыз байланыстыра отырып зерттеу, саяси ғылым тұрғысынан өзекті болып отыр. Қоғамдық мүдденің қажеттіліктерінен туындаған әртүрлі мәселелерді шешуде мемлекетпен әріптестік қатынас жүзеге асырылу мүмкіндігіне ие болды. Қазіргі таңда Қазақстанда да МЖӨ қызметі жолға қойылып дамуда. Мақалада мемлекеттік-жекешілік әріптестігінің қалыптасуы мен дамуының жолы талданып, теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, анықтамасы беріліп, әлем елдерінің мемлекеттік-жекешілік әріптестігінің қазіргі кездегі даму тенденциясы «Infrarrrworld» әлемдік мемлекеттік-жекешілік әріптестігі ақпараттық орталығының статистикалық мәліметтері арқылы саясаттанулық талдау жасалып, қорытынды алынды. МЖӨ қызметі дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, жаһандық дамуға сәйкес қазақстандық МЖӨ секторларының нысандарын кеңейту ұсынылады.

Түйін сөздер: мемлекеттік-жекешілік әріптестіктік (МЖӨ), жеке сектор, мемлекеттік билік, МЖӨ секторларының бағыттары, статистика, ақпарат, технология, әлеуметтік-денсаулық сақтау саласы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2022-138-1-33-43>

Түсті: 21.12.2022 / Жарияланымға рұқсат етілді: 11.01.2022

Кіріспе

Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы жаһандық талаптарға сәйкес дамуының негізгі міндеті демократиялық модернизацияланған қоғамның құрылымына

сәйкес ел экономикасын жаңғырту болып табылады. Елдің бәсекеге қабілеттілігін және заман талабына бейімделуде төзімділігін арттыру мақсатында экономиканың жеке секторы мен мемлекеттік биліктің қатынасын дамыта отырып, қоғамдық қажеттіліктерді

қамтамасыз ету елдің жан-жақты дамуының мүмкіндігі.

Халықтың әлеуметтік, тұрмыстық қажеттіліктері, мемлекеттің қамтамасыз ету салаларының барлық талаптарға сай жұмыс істеуі тек мемлекеттің жалғыз өзі атқара алатын жұмыс емес. Осы тұста мемлекет өзінің басқарушылық ресурстарын пайдалана отырып, құқықтық-заңнамалық құрылымдардың реттеуімен жеке сектордың қызметіне сүйене алады. Келісімшарт негізінде орындалатын бұл қызмет екі жақты мүдденің қамтамасыз етілуін қарастырады. Осы қатынастан қалыптасқан мемлекет пен жекешілік әріптестігі Қазақстанда қоғамның демократизациялануы нәтижесінде экономиканың трансформациясы процесі негізінде жүзеге асырылуда.

Сондықтан, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, қоғамдық иеліктегі объектілерге қатысты жобаларды жүзеге асыруда жеке секторлардың қызметін пайдалану олардың қаржылық, мүлктік борыштық міндеттемелері мен құқықтар мен міндеттерді реттеп, туындайтын тәуекелдерді бағалау, талдау жұмыстары елде қазіргі таңда жолға қойылуда. Осы қатынастардың орындалуы мен мемлекеттің тарапынан жүргізіліп отырған саясатты бағалау, талдау қазіргі саяси ғылымның өзекті мәселесі. Шетелдердің мемлекеттік-жекешілік әріптестік қызметінің даму деңгейін, динамикасы мен тенденциясын анықтау мақсатында тәжірибелерін салыстыра отырып, зерттеу осы мақаланың негізгі мақсаты ретінде анықталады.

Зерттеудің тексерілетін гипотезасы – Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-жекешілік әріптестігінің дамуы процесіндегі әр түрлі мәселелері мен өзіндік ерекшелігін анықтау мақсатында шетелдік тәжірибемен салыстыру арқылы ғылыми қорытынды алынады.

Теориялары. Мақаланың теориялық маңыздылығы алға қойылған міндеттердің өзектілігімен және мемлекеттік-жекешілік әріптестігі мәселелерін дамытуды шетелдік тәжірибеге сүйене отырып зерттеу арқылы қол жеткізілген қорытындының негізі ретінде

анықталады. Яғни, мәселені қолданбалы тұрғыда зерттелуінің теориялық негізделуі зерттеу жұмысының маңыздылығын арттырады.

Мемлекеттік-жекешілік әріптестігі мәселелері ХХ ғасырдың басынан шетелде зерттеле бастаса, Қазақстанда соңғы жылдары ғана аталған мәселе ғылыми зерттеулердің объектісіне айналып отыр. Экономика ғылымдары бұл мәселенің қаржыландырылуы, заңғылымдары құқықтық реттелуі тұрғысынан зерттеуге тырысса, саяси ғылым оның мемлекеттік саясаттың тарапынан жүргізілуі барысын зерттейді. Саяси ғылымдар бойынша жазылған ғылыми жұмыстар өте аз. Сондықтан бұл мәселені тереңірек зерттеп, оның дамуына ғылыми баға беру қажет.

Алғаш мемлекеттік-жекешілік әріптестігі қызметі ХХ ғасырдың 80-ші жылдарында Ұлыбританияда жүзеге асырыла бастады. Қазіргі күнге дейін бұл елдің моделі көптеген елдер үшін үлгі ретінде қарастырылады. Ұлыбританияда бұл қызмет инфрақұрылымды дамыту тетігі ретінде қалыптасқанымен, қазіргі таңда қоғамның жан-жақты қажеттілігін қамтамасыз ету құралы болып отыр. Кез-келген процестің жүзеге асырылуы оның теориялық зерттелуіне, концепциясына байланысты. Алғашқы зерттеулерде осы батыстық елдерде жүргізілді.

Неокоорпоратизм осы мәселенің нақты теориялық негізі болып табылады. Өйткені, Бұл теорияда мемлекет пен бизнес арасындағы қатынастар құрылымындағы позицияларды нақтылауға байланысты және тұжырымдамалық түрде көрсетілген, олардың өкілдері Г.Лембрух, С.П. Перегудов, Ф.Шмиттер[1.23]. «Плюралистік тұжырымдаманың идеялары[2.10] және модернизация теориясы[3.13] зерттелген құбылысты, оның рөлін, мазмұны мен даму ерекшелігін талдау үшін маңызды болды.

Неокоорпоратизм теориясы мемлекет пен бизнес құрылымдарының байланысын жүзеге асыруда «мемлекеттің саяси бағытын жасау мен іске асыруда мүдделі топтар жүйелі түрде

қатысады» деп қарастырады. Сондықтан осы зерттеу жұмысының ғылыми қорытындысы Ф.Шмиттердің неокорпоративизм теориясына сүйенеді.

«Неокорпоративизм» теориясы нарықтық экономика жағдайында жеке бизнес, кәсіподақ ұйымдары мен мемлекет арасындағы келіссөздер процесін білдіру үшін қолданылады. Демек, неокорпоративизмді қазіргі таңдағы мемлекет пен жекеменшік мүдделерін байланыстырып, ортақ қоғамдық мүддеге жұмыс істеудің ғылыми негізін ұсынған бірден-бір теория ретінде қарастырамыз. Сонымен, мемлекеттік корпорация деп жеке және қоғамдық ұйымдарды мемлекеттің реттеуі арқылы шенеуніктердің мемлекеттік реттеуді заң негізінде жүргізу тәжірибесін айтамыз.

Неокорпоративизм Ф.Шмиттердің теориясына сәйкес, мемлекет пен мүдделі топтар және саясат арасындағы маңызды қатынас ретінде қарастырылса, Р.Родс мемлекет тек қысым топтарының талабына жауап беретін агент емес, ол кооперация мүшесі деп тұжырымдайды. Ал, Д.Марш неокорпоративизмді мүдделі топтардың қойылатын талаптары біртіндеп институционаланады. Үкімет мүдделі топтардан тәуелсізге айналады деп мемлекет пен жекеменшіктің институционалды қатынасына назар аударады [4.310].

Зерттеу әдістері

Зерттеудің заңнамалық құқықтық базасы ретінде Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы Қазақстан Республикасының Заңы [5], Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі [6], Қазақстан Республикасының стратегиялық бағдарламалары мен ҚР Президенті жолдаулары пайдаланылды.

Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде МЖӘ мәселерін кешенді түрде зерттеу үшін «Infrapppworld» әлемдік мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі ақпараттық орталығының статистикалық мәліметтері алынды.

Талқылау

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігінің қалыптасуы мен дамуы Соңғы 20 жылда әлемнің нарықтық экономикалық қатынастағы елдері, әсіресе әкімшілік-бұйрықтық басқару жүйесінен бас тартқан мемлекеттер үшін экономикалық институттардың жаңа түрлері қалыптаса бастады. Соның бірі мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі қатынастары. Мемлекет пен жеке сектор арасындағы қатынас либералды даму доктринасы контекстінде дамуда.

Болып жатқан қоғамның трансформациясы тек қана шаруашылық саласын ғана емес, барлық салаларды қамтуда. Бұл процесс ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық деңгейде дамуда. Шетелдік тәжірибе елдегі экономика салаларының фундаменталды өзгерістерінен басталып, постиндустриалды кезеңді өткізіп, өндірістің жаһандануы, капиталдың интернациялануын жүзеге асырады. Осы процестің жүзеге асырылу барысында әлемнің барлық елдері қоғам және экономика жаңа сұраныстарына өндіріс пен инфраструктураның сай келмеуінен біраз қиыншылықтарға тап келді. Осы сұрақтар қазіргі заманның дауына байланысты күрделене түсті. Ғаламдық даму айталық, төртінші өндірістік төңкеріс әкелген интернет, компьютерлік технология, робот, техника, технология адамдардың физикалық еңбегін жеңілдеткенімен өзіндік қиындықтарын бірге әкелді. Оның біріншісі экологиялық апаттар, қалдық газдардың ауаны ластауы, автомобильдердің көбеюі, өңделуге қиын қоқыс қалдықтарының көбеюі, канализация, электроэнергияның шамадан тыс қолданылуы т.б. мемлекеттің шешуіне қиын мәселелерді тудырды. Өйткені автомобиль санының өсуі кептелістерге әкеледі. Оны шешу үшін қосымша жолдар мен көпірлер, жол айрықтарын салу қажет. Жыл сайынғы халық санының өсуі қосымша тұрғын үйлер мен ауруханалар, балабақшалар, мектептер, спорт, мәдениет ошақтарын салуды қажет етеді. Осы сияқты көптеген жыл сайынғы халықтың көбеюімен келетін тұтыну және техникалық прогреспен келетін қиындықтар

мемлекеттің ғана қолынан келмейтін жұмыстарды атқаруды талап етеді. Осы тұста шетелде тиімді жұмыс жасап жатқан мемлекеттік-жекешілік әріптестігі қызметі қоғамдық қажеттілікті қамтамасыз ететін ең оңтайлы құрылым ретінде танылады.

Әр елдің нарықтық экономикалық қатынастары ерекшеліктеріне байланысты мемлекеттік-жекешелік әріптестік қызметі әркелкі қалыптасты. Әртүрлі елдерде МЖӘ-нің қызметіне байланысты өзіндік анықтамалары бар. Атап айтатын болсақ, Америка Құрама Штаттарында МЖӘ «мемлекет пен жеке компания арасындағы мемлекет меншігіне белгілі бір түрде қатысуға мүмкіндік беретін шарттық келісім» деп түсіндіріледі. Келісімшарт тиісті мемлекеттік орган мен жеке сектор арасындағы шарттың негізінде мемлекеттік меншікке тиесілі объектілерді салу, реконструкциялау, пайдалану, басқару, реттеу кіреді. Жүргізіліп жатқан объектіге қатысты негізгі меншік құқығы өзгермейді, жеке сектор объектіні аяқтап тапсырғаннан кейін де оның иесі болып қалады[7].

ЕО-та соңғы жылдары МЖӘ мәселелеріне қатысты көптеген құжаттар дайындалып, жүзеге асырыла бастады. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және қоғамдық шарттар мен концессиялар туралы қоғамдастық заңнамасы» атты 2004 жылы қабылданған құжат «Жасыл кітапта» былай делінген: Мемлекеттік-жекешелік әріптестік дегеніміз - бұл мемлекеттік органдардың жеке сектормен қызмет көрсету мен инфраструктура саласын модернизациялау, қаржыландыру, құрылысты жүргізу, пайдалану арасындағы әріптестік қызмет[8.10]. Мемлекеттік-жекешелік әріптестікте бизнес құрылымдары мен серіктестік нысандары жеке қаржылық бастамадан бастап, аралас кәсіпорындар, концессиялар, аутсорсинг, мемлекеттік коммерциялық объектілердің акцияларының бір бөлігін сатуға дейінгі әрекеттер жатады.

Сонымен, МЖӘ - бұл тиісті келісімдерде айқындалған тәуекелдер, жеңілдіктер мен шығындар, құқықтар мен міндеттемелердің теңдестірілген бөлінуі жағдайында дәстүрлі түрде

мемлекеттік жауапкершілікпен байланысты салалардағы мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлердің өзара тиімді ынтымақтастығы болып табылады.

Әлемдік тәжірибенің даму негізінде Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жүзеге асырылу тәсілі қалыптасып дамыды. Қазіргі МЖӘ-нің жүзеге асырылуы түрлері **институционалдық және келісімшарттық** болып бөлінеді. **Институционалдық мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті** МЖӘ шартына сәйкес МЖӘ компаниясы іске асырса, ал **келісімшарттық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік** концессия, мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару, мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу), лизинг, технологиялар әзірлеуге, тәжірибелік үлгі дайындауға, тәжірибелік-өнеркәсіптік сынауға және аз сериялы өндіріске жасалатын шарттар, өмірлік цикл келісімшарты, сервистік келісімшарт, мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің белгілеріне сәйкес келетін өзге де шарттар жасасу арқылы іске асырылады.

МЖӘ тәжірибесі әр ел құқықтық жүйесін қалыптастырды. Көптеген федеративті мемлекеттерде жалпы ұлттық деңгейдегі заңдар қабылдамай, субъектілердің жеке заңдарына сүйене отырып МЖӘ қызметін орындау қалыптасқан. Ол елдерге мысалы Германия Федеративті Республикасы жатады. 2005 жылғы 8 қыркүйекте «Жеделдету туралы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті енгізу және жетілдіру мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнама» қабылданды. Ол жерлер еркіндігін қамтамасыз етеді. Сол сияқты АҚШ-та да бір орталықтанған заң жоқ. Тіпті ұлттық деңгейде МЖӘ орталығы да құрылмаған. Өйткені әрбір штаттың субъективті деңгейде реттелетін заңдары жұмыс істейді. Қазақстан Республикасында 2015 жылдың 31 қазанында Қазақстан «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚР Заңы қабылданды. Демек, мемлекеттік-жекешелік әріптестік әлем елдерінің ерекшеліктеріне байланысты өзіндік тәжірибесі негізінде дамып, жетілдіріліп келе жатқаны белгілі болды.

Нәтижелер

Әлем елдерінің мемлекеттік-жекешелік әріптестігінің қазіргі кездегі даму тенденциясы: салыстырмалы талдау

Әлем елдерінің мемлекеттік-жекешелік әріптестігінің қазіргі таңдағы дамуына саясаттанулық талдау жасау арқылы елдердің ерекшеліктерін анықтауға болады. Жалпы әлемдік деңгейдегі даму тенденциясын анықтау, оның Қазақстанға ықпалын болжау ғылыми зерттеудің мақсаттарының бірі.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестігі әлем елдерінде әрқелкі деңгейде дамуда. Негізгі принцип мемлекеттің саяси жүйесінің құрылымында. Себебі демократиялық режимде либералистік қоғам мен соған сәйкес нарықтық қатынастар жұмыс жасап жатқан мемлекетте еркін экономикалық институттар жан-жақты дамиды. Демек, жеке меншік секторларының қызметіне мұндай қоғамда жол ашылады.


Әр елдің экономикалық дамуына байланысты МЖӘ бағыты анықталады. Бір мемлекет үшін құрылыс, жол құрылыстары, инфрақұрылым маңызды болса, кей мемлекеттерге әлеуметтік объектілер мектеп, балабақша, аурухана, демалыс орындары, спорткомплексер салу мемлекеттің басым саясаты болып табылады. Осы бағыттарына

байланысты әр елдің МЖӘ жобаларының қаржыландырылуы, көлемі, мөлшері көрсетіліп, даму тенденциясы анықталады. Сол үшін әліде МЖӘ жүйесі дами алмай отырған әлем елдері үшін үлгі болатын дамыған елдердің жобаларының статистикасына сүйене отырып, зерттеу жүргізуге болады. Сондықтан, жекелеген елдердің МЖӘ деңгейіне тоқталып, салыстырмалы талдау жүргіземіз.

2021 жылғы мәліметтер негізінде Ұлыбритания МЖӘ жобаларының орындалу деңгейі біршама жоғары. Ол осы елдің МЖӘ бағытына байланысты.

Жоғарыдағы кесте Ұлыбританияның МЖӘ жобаларының әлеуметтік-денсаулық сақтау салаларына арналып жатқанын көрсетеді. Демек, мемлекеттік саясат халықтың әлеуметтік жағдайына басқа салаларға қарағанда көбірек назар аударады деген сөз. Осы салаға соңғы жылы 360 жоба жалпы жобалардың 67%-ын құрайтын көлемде жұмыс атқарылып жатқанын көрсетеді. Ұлыбритания МЖӘ қызметі жүзеге асырыла бастаған алғашқы елдердің бірі. Мемлекеттік саясаттың назарын энергетика саласы алаңдатады. Оған дәлел жоғарыдағы көрсетілген статистика болып табылады. 2021 жылы энергетика саласында 67 жоба, жалпы жобалардың 13%-ы жүзеге асырылуда.

Сурет 1. Ұлыбританияның 2021 жылғы МЖӘ секторлары үлесі [9]



Қазіргі таңдағы МЖӘ жұмысының қарқынды жүргізілуі Америка Құрама Штаттарында байқалады. Басқа елдерге қарағанда АҚШ МЖӘ жобаларының нысандары күрделі көп салалы болып келеді.

Олар:

- Автомобиль жолдары, (экспресс жолдар, көпірлер, айналмалы жолдар, туннельдер тағы басқа жолдарға қатысты нысандар);

- Темір жол немесе теміржол жобалары;

- Айлақтар (қоймалар, тиеу-түсіру операциялары, паром өткелдері және олармен байланысты объектілер мен порт инфрақұрылымдары);

- Әуежайлар (аэронавигация және олармен байланысты құралдар);

- Өндіріс, тасымалдау, (қосалқы тасымалдау, тарату құрылғылары және олармен байланысты объектілер);

- Телекоммуникациялар (магистральдық, жерүсті және спутниктік жабдықтар және олармен байланысты қызметтер);

- Ақпараттық технологиялар (АТ);

- Суару және онымен байланысты құрылыстар;

- Сумен жабдықтау (канализация, кәріз және соған байланысты құрылыстар);

- Білім беру және денсаулық сақтау инфрақұрылымы;

- Жерді мелиорациялау, тереңдету және басқа да тиісті даму жобалары;

- Өнеркәсіптік және туристік кешендер немесе елді мекендер, (жағалаудағы/ теңіздегі табиғи парктер сияқты экотуризм жобалары және басқалармен байланысты инфрақұрылым мен коммуналдық қызметтер);

- Мемлекеттік ғимараттар, тұрғын үй жобалары;

- Базарлар (мал сою алаңдары және олармен байланысты нысандар);

- Қоймалар және егін жинаудан кейінгі аумақтар;

- Қоғамдық балық аулау алаңдары мен тоғандар, оның ішінде сақтау және өңдеу объектілері;


- Қоршаған ортаны және қатты қалдықтарды кәдеге жаратумен байланысты объектілер (жинау жабдықтары, компосттау қондырғылары, полигондар және су тасқыны бөгеттері);

- Климаттың өзгеруін жеңілдету және бейімделу инфрақұрылымдық жобалары және олармен байланысты нысандар.

Жоғарыдағы аталған салалар халықтың әртүрлі қажеттілігін қамтитын, оларды қамтамасыз ететін нысандар болып табылады. Ақш-тың 2021 жылғы жобаларына төмендегі суретке назар аударатын болсақ, оның негізгі бағыттары анықталады.

Халықтың негізгі қажет ететін нысаны әлеуметтік және денсаулық саласы екені жоғарыдағы суреттен анықталады. Өйткені, 379 жоба осы салада жүзеге асырылуда.

Сурет 2. МЖӘ секторларының соңғы 2021 жылғы ақпараттары [10]



Қазіргі төртінші өнеркәсіптік төңкеріс жағдайында елдің ақпараттық салаға назар аударуын аңғартады. Халықтың интернетті қолдану аясы кеңейген сайын сол секторға назар аударуда күшейеді. Мысалы, телекоммуникация секторы бойынша 318 жоба жүзеге асырылуда. Яғни халықтың әлеуметтік-денсаулық сақтау саласынан кейінгі орынды осы телекоммуникация секторы алып отыр. Халық санының өсуі елдегі энергетиканы тұтынудың өсіміне әкеледі. Сондықтан, 2021 жылы АҚШ-та 95 жоба осы салада жүзеге асырылуда. Демек, АҚШ-та мемлекеттік-жекешелік әріптестік қызметі жолға қойылып, әсіресе әлеуметтік және денсаулық саласы бойынша қарқынды дамуда деген қорытынды жасауға болады.

Америка-еуропалық елдермен қатар қазіргі таңда мемлекеттік-жекешілік әріптестігі азиятық мемлекеттерде де жылдам қарқынмен дамуда. Осы елдердің ішінде халқы миллиардатан асатын Қытай халық республикасының тәжірибесі, даму жолы ерекше. Қытай экономикасының жоспарлы экономикадан нарықтық


қатынастарға трансформацияланғаны белгілі. 1960 жылдары (SiGe xiandaihua) төрт модернизация концепциясын премьер-министр Чжоу Эньлай жариялап, Дэн Сяопиннің 1978 жылғы экономикалық реформасының бастауы мен жалғасуынан байқауға болады. [Li, Junpeng(2006), Guidance of Building Public Service-oriented Government (in Chinese), Beijing: Press of History of Chinese Communist Party.]. Аталған реформа 2050 жылы Қытай экономикасының стратегиялық жоспары ретінде оның болашағын, яғни, ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті, қорғанысты, ұлттық ғылымды және технологияларды дамытуда мемлекеттік-жекешілік әріптестік қатынасын дамытуға мүмкіндік береді. Қытайдағы МЖӘ қабылдануы мен жетілдірілуі құқықтық-заңнамалық жүйенің эволюциясы негізінде дамыды.

Қытай халық республикасы заңнаманы жетілдіре отырып, МЖӘ қызметін ұйымдастыруды реттеу мен дамытуға тырысты. Кестеде көрсетілгендей, қарапайым шарттардан бастап, әр салаға арналған заңдармен толықтырылып отырды. Демек,

Кесте 1. Қытай Халық Республикасының мемлекеттік-жекешілік әріптестігін реттеу заңдары.

ҚХР азаматтық құқығының жалпы принциптері	12.04.1986 ж.;
Қытай Халық Республикасының Жер ресурстарын басқару туралы Заңы	25.06.1986 (кейінгі өзгертулермен)
Қытай Халық Республикасының Сыртқы сауда және экономикалық ынтымақтастық министрлігі бекіткен Шетелдік инвестицияларды басқарудың уақытша ережесі	1995
Бірлескен кәсіпорындар туралы Қытай Халық Республикасының Заңы	23.02.1997 ж.
Шарттар туралы Қытай Халық Республикасының Заңы	15.03.1999
Қытай Халық Республикасының «Компаниялар туралы» Заңы	2005 ж. 27 қазан
Қытай Халық Республикасының толығымен шетелдік меншік иелеріне тиесілі кәсіпорындар туралы заңы	2003 жылғы
Меншік құқығы туралы Қытай Халық Республикасының Заңы	01.10.2007 ж.
Қытай Халық Республикасының Энергия үнемдеу туралы Заңы	2007.10.28 (01.04.2008 бастап қолданысқа енгізіледі)
Қытай Халық Республикасының жылғы Монополияға қарсы Заңы	30.08.2007 (2008.08.01 бастап қолданысқа енгізіледі)

Сурет 3. Қытай Халық Республикасының МЖӘ секторлары. 2021 ж.[11]



Қытайдың МЖӘ қызметін жетілдірілудегі өзіндік жолын анықталады.

Қазіргі таңда Қытайдың МЖӘ секторларының бағыты қандай деген сұрақтарға тоқталатын болсақ, төмендегі суретке назар аудару қажет.

Қытайдың еуропа елдерінен айырмашылығы олардың су қалдықтары мен ауыз суға қатысты жобаларды көп орындауында болып табылады. 2021 жылы су қалдықтарына қатысты жобалар 192. Ал, әлеуметтік салаға 11 ғана жоба арналып

жұмыс істеуде. Бұл Қытай елінің халқының санының көптігінен су тапшылығы бар екенін көрсетеді.

Жоғарыдағы кестеден елдердің МЖӘ секторларының атқарылып жатқан жобаларын салыстыруға болады. Қазақстан салыстырмалы түде кестеде көрсетілген елдерден жобалар саны бойынша әлдеқайда аз санды көрсетіп тұр. Егер әлеуметтік сала мен денсаулық сақтау саласына АҚШ-380, Ұлыбритания-31, Қытай-11 жобаны жүзеге асырса, Қазақстанда осы салада 7 жоба жүзеге

Сурет 4. МЖӘ секторларына салыстырмалы талдау. 2021 ж. Жоғарыдағы кестеден [12]



асрылды. Транспорт бағытындағы жобалар АҚШ-та – 318, Ұлыбританияда – 67, Қытайда – 57 жоба болса, Қазақстанда 6 жоба жүзеге асырылған. Осы мәліметтерге сүйене отырып, басқа елдермен салыстырудың нәтижесінде Қазақстанға МЖӘ жобаларының санын арттыру, МЖӘ қызметін күшейту қажеттілігі анықталады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, ХХІ ғасырда жаһандану процесінің жылдамдығы мен коммуникацияның күшейуі, ақпараттық технологияның дамуы әлем елдерінің барлығы үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік қызметін жетілдіріп, дамыту, сектор салаларын көбейту қажеттілігі тұрғанын көрсетеді. Статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, келесі қорытынды алынды.

Біріншіден, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жаһандық сипаттағы процесс. Ол

қазіргі таңда ұлттық деңгейден қарағанда мемлекетаралық, ғаламдық сипатқа ауысуда.

Екіншіден, әлемдегі ғылыми-техникалық прогресс пен ақпараттық технологияның қарқынды дамуына байланысты МЖӘ секторларының тенденциясы коммуникация, транспорт, технология саласына ауысуда.

Үшіншіден, қазіргі таңда алдыңғы қатарлы нарықтық қатынаста экономикалық дамып отырған американдық-еуропалық елдермен қатар Қытайдың да қарқынды дамып келе жатқаны анықталып отыр. Сонымен қатар, осы елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстан Республикасы да өзінің МЖӘ саласының дамуына назар аударуы қажет екені белгілі болды.

Сонымен, МЖӘ әлем елдерінің тәжірибесі дәлелдегендей нарықтық қатынастағы экономиканың дамуына серпіліс беретін және қоғамдық қажетті нысандармен қамтамасыз ете алатын мүмкіндік ретінде қарастырылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Перегудов С.П. Новый российский корпоративизм: демократический или бюрократический? // Полис. –1997. – № 2. – С.23-27.
2. Даль Р. Полиархия, плюрализм и пространство / Р.Даль. – Берген: Высшая школа экономики, 1984. – 24 с.
3. Кастельс Г. Становление общества сетевых структур. Новая постиндустриальная волна на Западе / Г. Кастельс. – Москва, 1999. – 210 с.
4. Rostow W.W. Politics and the Stages of Growth / W.W. Rostow. – London: Cambridge University Press. 1971. – 125 p.
5. Сморгунов Л.В. Сравнительная политология: Учебник для вузов. Стандарт третьего поколения / Л.В. Сморгунов. – Санкт-Петербург: Питер, 2012. – 448 с.
6. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ. [Электрон. ресурс] – 2021. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000379> (дата обращения: 14.03.2021).
7. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. [Электрон. ресурс] – 2021. –URL:<http://www.ilo.org/dyn/natlex/docs/ELECTRONIC/108188/133659/F1181048484/KAZ108188%20KZN.pdf> (дата обращения: 14.03.2021).
8. Report to Congress on Public-Private Partnerships. US Department of Transportation. – 2004. – P.10.
9. Infra PPP by IMC Worldwide. [Электрон. ресурс] – 2021. – URL:<https://www.infrappworld.com/countries/uk-united-kingdom/>(дата обращения: 19.12.2021).
10. Infra PPP by IMC Worldwide. [Электрон. ресурс] – 2021. – URL:<https://www.infrappworld.com/countries/uk-united-kingdom/> (дата обращения: 19.12.2021).
11. Infra PPP by IMC Worldwide. [Электрон. ресурс] – 2021. – URL:<https://www.infrappworld.com/countries/usa-united-states-of-america/> (дата обращения: 14.11.2021).

12. Infra PPP by IMC Worldwide. [Электрон. ресурс] – 2021. – URL:<https://www.infrappworld.com/countries/China> (дата обращения: 14.03.2021).

13. Infra PPP by IMC Worldwide. [Электрон. ресурс] – 2021. – URL:<https://www.infrappworld.com/countries/kazakhstan> (дата обращения: 19.12.2021).

Б. Ахатай, Р.А. Нуртазина

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Тенденции развития государственно-частного партнерства: сравнительный анализ

Аннотация. Демократическая трансформация политической системы Республики Казахстан привела к изменению и обновлению всех сфер жизни общества. В этом контексте стала устанавливаться свобода частной деятельности применительно к принципам рыночных отношений. Государственно-частное партнерство рассматривается как приоритет государства, направленный на обеспечение политической стабильности за счет развития экономики страны и реализации стратегических планов страны по привлечению частных инвестиций в социально значимые отрасли экономики с целью снижения нагрузки на бюджет и развития предпринимательства. Поэтому на сегодняшний день изучение государственно-частного партнерства актуально с точки зрения политической науки при комплексном развитии экономики в приоритете государственного развития Республики Казахстан и в тесной связи с другими секторами общества. Появилась возможность установить партнерские отношения с государством для решения различных вопросов, вытекающих из потребностей общественного интереса. В настоящее время услуги ГЧП развиваются в Казахстане. В статье проводится анализ становления и развития государственно-частного партнерства, дается его определение на основе теоретических концепций, анализируются современные тенденции развития государственно-частного партнерства в мире на основе статистических данных информационного центра государственно-частного партнерства Infrappworld. Предлагается расширять мощности казахстанских секторов ГЧП в русле мирового развития, в соответствии с опытом развитых стран.

Ключевые слова: государственно-частное партнерство (ГЧП), частный сектор, органы государственной власти, области секторов ГЧП, статистика, информация, технологии, общественное здравоохранение.

B. Achatay, R.A. Nurtazina

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Trends in the development of public-private partnerships: a comparative analysis

Abstract. Democratic transformation of the political system of the Republic of Kazakhstan has led to change and renewal of all spheres of society. In this context, the freedom of private activity in relation to the principles of market relations began to be established. Public-private partnership is seen as a state priority aimed at ensuring political stability through the development of the country's economy and the implementation of strategic plans of the country to attract private investment in socially important sectors of the economy in order to reduce the burden on the budget and develop entrepreneurship. Therefore, today the study of public-private partnership is relevant from the point of view of political science, with the comprehensive development of the economy in the priorities of state development of the Republic of Kazakhstan in close connection with other sectors of society. Therefore, it was possible to establish a partnership with the state to address various issues arising from the needs of the public interest. Currently, PPP services are being developed in Kazakhstan as well. The article analyzes the formation and development of public-private partnerships, defines them based on theoretical concepts, and analyzes the current trends in the development of public-private partnerships in the world through statistical data from the Infrappworld Information Center for Public-Private Partnerships. As the experience of developed countries shows, it is proposed to expand the facilities of Kazakhstan's PPP sectors in line with global development.

Keywords: public-private partnership (PPP), private sector, public authorities, areas of PPP sectors, statistics, information, technology, public health.

References

1. Peregudov S.P. Novyi rossiisky korporativizm: demokraticheski ili biurokratichesky [The New Russian Corporatism: Democratic or Bureaucratic?]. Polis. 1997. No. 2. P. 23-27, [in Russian].
2. Dal R. Poliarchia, pluralism I prostranstvo [Polyarchy, Pluralism, and Space] (Bergen, High School of Economics, 1984, 24 p.), [in Russian].
3. Kastels G. Stanovlenie obshestva setevykh struktur//Novaya postindustrialnaya volna na zapade [The emergence of a network society. The new post-industrial wave in the West], (Moscow, 1999, 210 p.), [in Russian].
4. Rostow W.W. Politics and the Stages of Growth, (Cambridge University Press, London, 1971, 125 p.).
5. Smorgunov L.V. Sravnitel'naya politologiya: Uchebnik dlya vuzov. Standart tretevo go pokoleniya [Comparative Political Science: Textbook for Higher Education Institutions. Third Generation Standard]. (Piter, Saint Peterburg, 2012, 448 p.), [in Russian].
6. Memleketik-zekeshelik ariptestik turaly Kazakstan Respublikasy Zani 2015 zilgi 31 kazandagi № 379-V ҚРЗ [The Law of the Republic of Kazakhstan on public-private partnership dated October 31, 2015 No. 379-V SAM], Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000379> (accessed 14.03.2021), [in Kazakh].
7. Kazakstan Respublikasynin Kasipkerlik Kodeksi 2015 zilgi 29 kazandagi No. 375-V ҚРЗ [Business Code of the Republic of Kazakhstan the Code of the Republic of Kazakhstan dated October 29, 2015 No. 375-V Sam], Available at: [//www.ilo.org/dyn/natlex/docs/ELECTRONIC/108188/133659/F1181048484/KAZ108188%20KZN.pdf](http://www.ilo.org/dyn/natlex/docs/ELECTRONIC/108188/133659/F1181048484/KAZ108188%20KZN.pdf) (accessed 14.03.2021), [in Kazakh].
8. Report to Congress on Public-Private Partnerships. US Department of Transportation. 2004. P.10.
9. Infra PPP by IMC Worldwide, Available at: <https://www.infrappworld.com/countries/usa-united-states-of-america> (accessed 14.11.2021).
10. Infra PPP by IMC Worldwide, Available at: <https://www.infrappworld.com/countries/uk-united-kingdom> (accessed 19.12.2021).
11. Infra PPP by IMC Worldwide, Available at: <https://www.infrappworld.com/countries/usa-united-states-of-america> (accessed 14.11.2021).
12. Infra PPP by IMC Worldwide, Available at: <https://www.infrappworld.com/countries/China> (accessed 14.03.2021).
13. Infra PPP by IMC Worldwide, Available at: <https://www.infrappworld.com/countries/kazakhstan> (accessed 19.12.2021).

Авторлар туралы мәлімет:

Ахатай Баян – саясаттану кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Нуртазина Роза Ауталиповна – саясаттану кафедрасының профессоры, саяси ғылымдардың докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Achatay Bayan – Ph.D. student of the Department of Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Nurtazina Roza Autalipovna – Professor of political science, Doctor of Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.